

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімінің 2018 жылғы 24 наурыздағы № 03 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 наурызда № 5575 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,  
31.03.2018 ж.

---

*РҚАО-ның ескертпесі.*

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2018 жылғы 24 наурыздағы № 7 хаттамасының негізінде, Глубокое ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Глубокое ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Глубокое ауданы әкімінің орынбасары Кимасов Сергей Борисович тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары Кимасов Сергей Борисовичке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое  
ауданының әкімі*

*К.  
Байгонулов*